



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

23 желтоқсан 2022 жыл

№: AIFC-C/SCC/2022/0022 ic

РИСКУЛОВ РУСТАМ ДАНИЯР УГЛЫ

Талап қоюшы

және

«GRANTLY» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Том Монтагю-Смит КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап арыз бойынша шешім Талап қоюшының пайдасына шығарылуы тиіс. Жауапкер Талап қоюшыға 2023 жылғы 6 қаңтар күнгі Астана уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін 35 000 АҚШ долларын төлеуі тиіс.


ШЕШІМ

1. Талап қоюшы білім беру бойынша сарапшы ретінде 2022 жылғы наурызда Жауапкермен жасасқан шарт («Шарт») бойынша оған төлеуге жататын 35 000 АҚШ долларын өндіріп беруді талап етеді.
2. Талап қоюшы өз талабын 2022 жылғы 13 қазанда берген. Сот сол күні Жауапкерге 2022 жылғы 27 қазаннан кешіктірмей талап қою бойынша қарсылық беруге міндетті екенін хабарлаған. Ол күнге қарсылық берілмеген. Кейіннен Жауапкер заңгерлер жалдағанын және қарсылық білдіргісі келетінін хабарлап, сотқа жүгінген. Мен Жауапкерге 2022 жылғы 9 желтоқсан күнгі сағат 18:00-ге дейін мерзімді ұзарттым. Осыған қарамастан, Жауапкер қарсылық берген жоқ және мұны бүгінгі күнге дейін істемеген.
3. 2022 жылғы 10 желтоқсанда Талап қоюшы Соттан іс бойынша *«сырттай шешім шығаруды»* сұрады. Соттың 9-бөлімдегі сырттай шешім шығаруға қатысты қағидалары Ұсақ даулар сотына қолданылмайды. Жауапкердің талап қоюға жауап бермеуіне байланысты, мен талап қою бойынша шешімді Талапкер ұсынған дәлелдемелердің негізінде және АХҚО Сотының 28.39 Қағидасына сәйкес тыңдау өткізусіз шығаруға кірісемін.
4. Талап қоюшы Шарттың көшірмесін берді. 6.2 тармақта былайша көзделген:

«Осы Шарттан немесе оған байланысты туындайтын шарттық немесе шарттық емес сипаттағы кез келген дау, соның ішінде оның бар болуына, жарамдылығына немесе тоқтатылуына қатысты кез келген мәселе, АХҚО сотының айрықша юрисдикциясына жатады.»
5. Осыған байланысты, АХҚО туралы Конституциялық заңның 13(4)(3) бабына және АХҚО Сотының Регламентінің 26(1)(d) бабына сәйкес мен осы Соттың бұл талап қоюды тыңдауға және шешім қабылдауға құзыреті бар екеніне көзім жетеді.
6. Шарт бойынша Жауапкер Талап қоюшыға төлеуге жататын сыйақы 1-қосымшада көрсетілген. Оған белгілі бір кезеңдерге қол жеткені үшін әртүрлі *«комиссиялар»* кірді. 1-қосымшаның 3.1-тармағына сәйкес, Жауапкер Талап қоюшыға *«Халықаралық базалық диплом ofqual әзірлегені және аккредиттегені үшін»* 100 000 АҚШ доллары мөлшерінде сыйақы төлеуге міндетті болды.
7. Талап қоюшы бұл кезеңді орындағанын мәлімдейді. Растау үшін Талап қоюшы ол Жауапкердің атынан 2022 жылғы 9 сәуірде NCC Education Limited («NCC») компаниясымен жасаған шартты («NCC шарты») келтіреді. NCC шарты бойынша, Жауапкер белгілі бір білім беру бағдарламалары мен біліктіліктер өткізу үшін аккредитация алған. 2022 жылғы 6 мамырда NCC Жауапкерге Жауапкердің *«Жоғары білім туралы халықаралық базалық үшінші деңгейдегі диплом (L3IFDHES)»* білім беру бағдарламасын ұсыну үшін аккредиттелгенін растайтын сертификат берген.

8. Талап қоюшы бұл Шарттың 1-қосымшасының 3.1-тармағында көзделген талаптарды қанағаттандыратынын мәлімдейді және мен мұнымен келісемін.
9. 2022 жылғы 5 маусымда Талап қоюшы Жауапкерге Орындалған жұмыстар актісін берген. Мәлімделген жұмыстардың жалпы құны 45 600 000 теңгені құрады, олардың 45 000 000 теңгесі Шарттың 1-қосымшасының 3.1-тармағы бойынша жасалатын төлемге жатты. Бұл сома ол кезде 100 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі төлемнен сәл көбірек болған, бірақ қазір сәл аздау.
10. Талап қоюшы Жауапкер өзін ақтап, нәтижесінде төлем жасамағанын, осы талап арызды беруіне осы түртікі болғанын мәлімдеп отыр.
11. Талап қоюшы енді Шартта көзделген 100 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі толық соманы емес, тек 35 000 АҚШ долларын ғана талап етіп отыр. Мұның себебі маған белгісіз. Дегенмен де, толық төлем жасалуы тиіс екендігі айқын және Талап қоюшы талаптарын өз қарауы бойынша қоя алады.
12. Осы мән-жайларда мен мәлімделген 35 000.00 АҚШ доллары сомасы бойынша Талап қоюшының пайдасына шешім шығарамын. Мен төлем жасау үшін АХҚО Сот қағидаларының 24.15 Қағидасына сәйкес 14 күн беремін.
13. Талап қоюшы сонымен қатар Жауапкер мен оның құрылтайшысының барлық шоттарына тыйым салу туралы бұйрық шығаруды сұрайды. Талап қоюшы АХҚО Сотының 15.1(6) қағидасына сілтеме жасайды, онда Соттың активтерге тыйым салу туралы бұйрық беру өкілеттіктері туралы айтылған.
14. Мен бұл жағдайда активтерге тыйым салу туралы бұйрық шығарудың қажеттігі негізделген деп санамаймын. Маған, сонымен қатар, егер бұйрық шығарылмаса, Жауапкердің активтері негізсіз ысырапқа айналуы мүмкін екендігінің және сот шешімін орындауды бұл қиындататынының дәлелдері керек болар еді. Бұл позицияны қолдайтын ешқандай дәлелдер жоқ және қарыздың салыстырмалы түрде аз мөлшерін ескерсек, бұның ықтималдылығы аз болып көрінеді. Мен сонымен қатар қандай да бір жеке тұлғаға қатысты сот бұйрығын шығару үшін ешқандай негіз көріп отырған жоқпын.

Сот қабылдады,



Том Монтагю-Смит КС
Судья, АХҚО Соты



Өкілдік ету:

Талап қоюшы өз мүдделерін өзі білдірді.
Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.